

КӨРКЕМ СУРЕТТЕН КІТАПҚА ДЕЙІН...

(Алғысөз орнына)

Дүниеге келген әрбір адамның өзіндік өмір жолы, маңдайына жазған тағдыр талқысы бар. Дегенмен саяси жүйенің бұлтартпас диірмені таңдау, талғамсыз кез келген адамның өміріне еніп, шылауынан шығармай, үйіріп әкететін кездер де болады. Сөйтіп, қалыпты тірлік, талайлы тағдыр жаңқадай жан-жаққа ұшып кетеді...

Көп жылдар өткен соң біздер, зерттеушілер сол тағдырдың жарықшақтарына тап болып, басқа іздерді кесуге талап қыламыз, уақыт өте келе, түрлі кездесулерден соң, шаң басқан мұрағат құжаттарын ақтарып отырып, қайырымсыз жүйенің құрбаны болған сол ғазиз жандардың өмір тарихын ұсақ-түйек, бөлшектерден жинап шығамыз.

Мұндай тарихтар тұтас кітаптарға жүк болып, «Қарлаг: өткенге – тағзым, болашаққа – тағылым» жобасы аясында біртіндеп жарияланып та жатыр. Қазірдің өзінде «Қарлаг: сұрапыл жылдардың жазылмас жарасы» атты, Қарлагтың бұрынғы тұрғындары, саяси қуғын-сүргін құрбандары, НКВД тарапынан жазықсыз сотталғандардың үш томдық естеліктер жинағы жарық көрді. Бұл циклға енген мемуарлар арасында әйелдердің естеліктері де бар. Сонымен қатар, жоба аясында «Халық жауының» әйелі» («Жена «врага народа», «Жиырма жасар тұтқынның жазбасы» («Записки двадцатилетнего зека», Вера Ивановна Людиноның естелігі), «Естеліктер ескірмейді» («Воспоминаниям угаснуть не дано», Елена Константиновна Тер-Асатурованың мемуары) сияқты кітаптар басылып шықты. Бұл кітаптардың жарық көруінің өзі бір-бір тарих.

Қолдарыңыздағы кітаптың да өзіндік жолы бар. Өткен жылы «Қарлаг» жобасының зерттеуші мамандары Москва қаласында, Сахаров орталығында «Қарлагтың қара қарындашымен...» атты кітап-альбомды оқырмандар назарына ұсынды. Түрлі-түсті кітапта темір тордың ар жағында да қолынан қылқаламын тастамай, шығармашылықпен шұғылдануға да ерік-жігерлері жеткен суретшілердің жұмыстары енген болатын. Аталмыш

альбомда суретші М.В. Мыслинаның су бояумен салған Инна Ильинаның портреті де бар еді. Орталықтың кітапханасында оқырмандармен болған кездесу барысында мен Инна Ильинаның мемуары бар екенін білдім. Естеліктерді оның туысқандары аз ғана данамен басып шығарған екен. Сахаров кітапханасының меңгерушісі Инна Андреевна Щекотова Иннаның немересі – Дмитрий Русланович Волковпен де таныстырды.

Инна Ильинаның мемуарларының көп тараулары маған қызықты, танымдық, тағылымдық болып көрінді. Сөйтіп, мен Дмитрийге оларды біздің «Қарлаг» жобасының аясында жариялауға ұсыныс жасадым.

Инна Ильинаның естеліктер кітабы екі тілде – қазақ және орыс тілінде жарық көріп отыр (қазақша нұсқасы біршама қысқартылған). Қазірде Қазақстанда жас қауым өкілдері арасында екі тілді бірдей білуге деген құлшыныс анық байқалады. Осы орайда өскелең ұрпақтың еліміздің тарихын жақсы білуі, оны терең түсінуінің маңызы ерекше. «Қарлаг» жобасы аясында Қарлаг мұражайына студенттердің экскурсиясын жиі ұйымдастыру, осы тақырыпқа арналған шығармалардың конкурсын өткізу т.б. іс-шаралардың өзіндік осындай сыры, мақсат-мұраты бар.

Сталиндік жүйенің қанды қасабы көптеген тағдырларды көктей солдырып, қыршынынан қиды. Сол ретте бүгінгі зерттеушілер Инна Ильинаның тағдыры сияқты, талай тағдырлардың кішкентай үзік, кесіктерін тірнектей жинап, жыртықтай жамап жүріп, жаңа ізденістерге ұмтылады. Өйткені, бұл ізденістердің жолында міндетті түрде нағыз қазыналар кездеседі – құжаттар, суреттер, естеліктер, тағдырлар...

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүшесі,
заң ғылымдарының докторы, профессор